

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 14 тамыздағы N 203-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 6 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 4377. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 25.04.2013 № 130-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2438 нөмірмен тіркелген, "Ресми газетте" 2003 жылғы 6 қыркүйекте N 36 нөмірінде жарияланған, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 14 қарашадағы N 270-НҚ бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 142-НҚ бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 78-НҚ бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 16 маусымдағы N 156-НҚ бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі жөніндегі ережесінде:

2-тармақтың 2) тармақшасында:

"Салалық техникалық және технологиялық нормалар" деген сөздер "шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"салалық техникалық және технологиялық нормалардың" деген сөздер "шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларында қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

7 - т а р м а қ т а :

"салалық техникалық және технологиялық нормаларға" деген сөздер "шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"құзыретті және уәкілетті органда бекітілген және сараптамалық бағалаудан өткен" деген сөздер "уәкілетті органның ол белгілеген тәртіппен бекітілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Субъектінің әкімшілік персоналына жататын қызметкерлерге ақы төлеу жүйесін және олардың лауазымдарын құзыретті орган айқындайды. Субъектінің әкімшілік және өндірістік персоналының нормативтік санын уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіппен бекітеді. Бұл ретте субъектінің әкімшілік және өндірістік персоналының нормативтік саны, әкімшілік персоналына жататын қызметкерлердің лауазымдары, еңбекке ақы төлеу жүйесі еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен немесе оның аумақтық органдарымен келісіледі."

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (Е.Ш.Әлиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен
к е й і н :

1) оны белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында
ж а р и я л а у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің
құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи
монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П.Нефедовқа
жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Т ө р а ғ а н ы ң

міндетін атқарушы

К е л і с і л г е н :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің міндетін атқарушы

2006 жылғы»16 тамыз